

Авиациялық қызметтерді сатып алу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ҰШМҮО) медициналық авиация желісі бойынша (халықаралық ұшу) төмендегі бағытта авиациялық қызметтерді сатып алуды жоспарлап отыр:

Тирана қаласы (Албания) – Астана қаласы (Қазақстан Республикасы), авиациялық қызмет пациентке арналған бір жатқызулы күйде тасымалдауды ұйымдастырумен, жасанды өкпені желдету аппаратымен (ЖӨА) қамтамасыз етілген, реанимациялық бригадасын және бір алып жүруші тұлғаны алып жүретін арнайы медициналық әуе кемесін тарту арқылы жүзеге асырылады.

Жеткізуші пациент пен алып жүруші тұлғаны медициналық персоналдардың алып жүруімен «American Hospital 3» клиникасынан, Тирана қаласы (Албания) әуе кемесінің бортына дейін арнайы автокөлікпен жеткізуді ұйымдастыруы қажет.

Диагнозы: «I61.5 Қарыншаішілік миішілік қан құйылу».

Пациенттің жай-күйі: өздігінен тыныс алуы жоқ, кома жағдайында (Глазго кома шкаласы бойынша 10 балл), гемодинамиканы қарқынды бақылау, тұрақты оттегімен қамтамасыз ету және тыныс алу жолдарын санациялау талап етіледі.

Алып жүруші тұлға: (туыстық қатынасы, ТАӘ): 1 адам (деректер авиажеткізушіге қосымша ұсынылады).

Бағыт бойынша ұшу күні: 2026 жылғы 16 қаңтарға дейін (қоса алғанда).

Төлем шарттары: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан тиісті қаржыландыру жүргізілгеннен кейін 5 (бес) банктік күн ішінде *(бұл шарт өзгермейді және өзге төлем шарттары көрсетілген бағалық ұсыныстар қарастыруға қабылданбайды)*.

Осыған байланысты ҰШМҮО Сіздің баға ұсынысыңызды қарастыруға дайын (баға ұсынысының қолданылу мерзімін көрсету, сондай-ақ салон мен әуе кемесінің фотосуреттерін ұсыну қажет).

Сатып алуға қатысуға берілген өтінім әлеуетті жеткізушінің қосымша мен шартта белгіленген талаптар мен шарттарға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Шарттың жобасы Тапсырыс берушінің <https://emcrk.kz> сайтында орналастырылған.

Баға ұсынысын беру орны мен мерзімі: Астана қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 14 ғимарат, байланыс телефондары: +7 (7172) 57-30-71, 57-30-61, электрондық пошта (e-mail): info@emcrk.kz, **2026 жылғы 13 қаңтар сағат 16:00-ге дейін, жауапты тұлғаның байланыс деректерін көрсете отырып (ұйымның атауы, лауазымы, ТАӘ, телефон, e-mail).**

Қосымша: 1 парақ.

Шетелдік ұшуларды орындауға арналған Чек-парақ

Әуекомпаниясы: _____

Бағыт: _____

(аралық аялдамаларды/жанармай құюды жүзеге асыру кезінде көрсету)

Әуе кемесінің түрі (ӘК): _____

Рейс құны: _____

Халықаралық ұшуды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін компания: _____

ӘК негізгі сипаттамалары:

Крейсерлік жылдамдығы: _____ км/сағ;

ұшу ұзақтығы: _____ км.

- құрамында кемінде 2 (екі) медицина қызметкері бар медициналық бригаданың болуы (білікті, сертификатталған (маман сертификаты бар);
- жатқан күйдегі пациент үшін орынның болуы;
- пациентті тасымалдау процесінде қолданылатын медициналық бұйымдардың (медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар) және дәрілік заттардың болуы;
- алып жүретін адам үшін бортта 1 (бір) орынның болуы;
- экипажды, медициналық персоналды, пациентті және алып жүретін адамды (адамдарды) тамақпен қамтамасыз ету;
- аралық аялдамаларды жүзеге асыру кезінде экипажды, медициналық персоналды, пациентті және алып жүретін адамды (адамдарды) қонақүйге орналастыру.
- пациент пен алып жүретін адамды мамандандырылған автомобиль көлігімен, медициналық персоналдың алып жүруімен әуе кемесінің бортына және қажет болған жағдайда аралық қону орындарына трансфер;
- жоспарланған ӘК ақаулы болған жағдайда, ұшудың жоспарланған уақытынан 6 сағаттан кешіктірмей, сипаттамалары мен медициналық жабдығы жоспарланған ӘК-ден кем емес резервтік ӘК ұсыну;
- ӘК бортында пациентпен аралық қонусыз ұшуды қамтамасыз ету (өте қажет);
- рейсті қамтамасыз етуге (брондауға) растау;
- ұшу алдында және аралық қону кезінде пациенттің жай-күйі туралы ақпарат беру туралы растау.

Ескертпе:

- ұяшықтың ішінде «ИӘ» / «ЖОҚ» деп көрсету керек.

Толтырылған ұяшық болмаған жағдайда ол «ЖОҚ» деп есептеледі.

Ең төмен баға берілген жағдайда, осы чек-парақ бойынша барынша оң ақпарат берген әлеуетті өнім беруші сатып алудың жеңімпазы болып танылады.

Сатып алу жеңімпазы <https://emcrk.kz/ru/zakupki/aviatsionnye-i-meditsinskie-uslugi/dokumenty-po-zakupi> сайтында орналастырылған біліктілік талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынуы керек

қолы, мөрі (Халықаралық ұшуды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін әуекомпания немесе компания)